# НҰРА

№ 19 (5206) сенбі
7 мамыр 2011 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады Аудандық қоғамдық саяси газеті


# Ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран!

**Құрметті жерлестер!**

Ұлы Отан соғысындағы ерлікке толы күндер бізден алыстаған сайын бейбітшілік үшін халқымыздың жасаған ерлігі одан әрі асқақтай түседі.

Қазақстанның мыңдаған ұлдары мен қыздары майдан даласында ерліктің үлгісін көрсетті. Тылда қалғандар да өздерінің ерен еңбектерімен Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосты. Олар соғыстан оралған ерлері , ағалары, әкелерімен иық тіресе еңбек етіп, елімізді қалпына келтіруге жұмыс жасайды, біздердің бақытты өмір сүруімізге негіз қалады.

Біздің ардагерлеріміз әлі де қатардан қалмай мемлекеттіміздің басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен жүргізіліп жатқан реформаларды іске асыруға қатысуы өте мақтанышты жағдай. Тағдыр тауқыметін көрген осы адамдардың қоғамдық жұмыстарға араласып, жастарға тәрбие бері ісіне қатысқаны үшін ризашылық білдіреміз. Олардың қаһармандығы мен Отанға деген сүйіспеншілігі бүгінгі қазақстандықтар үшін әрдайым үлгі болады.

**Құрметті аудан тұрғындары!**

Сіздерді Ұлы Жеңістің 66 жылдығы мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Баршаларыңызға, әсіресе, соғыс пен тыл ардагерлеріне зор денсаулық, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын көруге тілектеспіз.

**С.ШАЙДАРОВ,**
**Нұра ауданының әкімі.**

**Е.ТҰРАНОВ,**
**аудандық мәслихаттың хатшысы.**

**Уважаемые земляки!**

Чем больше времени отделяет нас от героических дней Великой Отечественной войны, тем величественнее предстает подвиг нашего народа, совершенный во имя мира.

Сотни тысяч сыновей и дочерей Казахстана проявляли мужество и героизм на полях сражений. Те же, кто оставался в тылу, своим самоотверженным трудом делали все для приближения Победы. После окончания войны вместе с вернувшимися с фронта мужьями, братьями и отцами они восстанавливали разрушенную страну, чтобы нам, уже в наши дни, жилось счастливо.

Замечательно, что наши ветераны по-прежнему находятся в строю, участвуют в реализации реформ, проводимых под руководством Главы нашей государства Нурсултана Абишевича Назарбаева. Велика наша благодарность за то, что, пройдя по всем перевалам судьбы, они отдают всю свою энергию общественным интересам, ведут воспитательную работу среди молодежи.

**Уважаемые жители района!**

От всей души поздравляем вас с великим праздником – 66-летием Победы!

Желаем всем вам, и особенно ветеранам войны и труженикам тыла, крепкого здоровья, благополучия и долголетия на радость детям, внукам и правнукам.

**С.ШАЙДАРОВ**
**аким Нуринского района**

**Е.ТУРАНОВ,**
**секретарь районного маслихата**

Ұлы Жеңіске 66 жыл

## ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН ҚАТАРДАҒЫ ЖАУЫНГЕР

**Бұл соғыстың тарихы – халық ерлігінің тарихы. Оның шежіресі өшпейтін, өлмейтін, тозбайтын құбылыс. Сондықтан мұның үлкен алау, өшпес отының маздай беретіні даусыз. Осыны ұмытайық, тың дерек көздерін табуға ұмтылайық! Бұл бейбіт күндегі парызымыз.**

**Ахан Шакенов Ұлы Отан соғысының мүгедегі, Сталинград шайқасына қатысушы, 1ші дәрежелі Отан соғысы орденінімен, Ерлігі үшін медалімен, Германияны жеңгені үшін медалімен, ұлыЖеңістің 50,65 жылдығына орай мерейтойлық медальдармен, Астанаға 10 жыл мерейтойлық медалімен, Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.**



Биыл Ұлы Отан соғысындағы ұлы Жеңісімізге 66 жыл толғалы отыр. 1945 жылы 9 мамыр Рейстахқа Кеңес әскерінің ту тігіліп, Отанымызға бейбітшілік алып келгеніне де 66 көктем болыпты.

Шакенов Ахан ақсақал Нұра ауданының Байтуған ауылында тұрады. Жастайынан еңбекке араласып, еңбекпен шыңдалып, енді ғана өмірдің дәмін татып келе жатқанда сұрапыл соғыс басталды. Барлық ер азаматтар сияқты ол да Жараспай ауылынан Нұра әскери комиссариатынан майданға аттанды. Жаратылысында момын, қой аузынан шөп алмайтын қаншама қазақ азаматтары қан төгіс соғысқа ешбір дайындықсыз аттанып еді. Ең алдымен олар рухани дайындықсыз еді.

Сөйтіп, Ахан ағамыз шамалы дайындықтан кейін 97 полк құрамында 1942 жылдың желтоқсан айында Сталинград майданына түсті. Бұл кезде Сталинград түбінде қан төгіс шайқас жүріп жатқан болатын. Сақадай сай фашистерге қарсы тұру, әрине, оңай болған жоқ. Бірақ жас жауынгер Отан үшін, ел мен жер үшін жан аямай шайқасты.1942 жылдың 2ші қыркүйегінен Сталинград майданында жағдай шиеленісе түсті. Дұшпанның қалаға оңтүстіктен бұзып жарып өту қаупі төнді. Кеңес адамдарының ерлігі мен жеңіске деген жігерінің арқасында қала алынбас қамалға айналды. Еділ бекінісі алдында гитлершілердің тас талқаны шықты. Сталинградтың даңқты қорғаушыларының арасында Қазақстанның да перзенттері болды, оның ішінде 8 мыңнан астам қазақтар болды. Соның бірі қатардағы жауынгер Шакенов Ахан еді. Танкілерінің гүрілі жерді жарып, ауыр зеңбіректерді сүйреген «полуторкалары» айналаны шаңға бектіріп, аттылы-жаяулы аралас үздіксоздық шұбатылған әскердің алды биік дөңнің басына шыққанда, арғы беттегі жартылай қираған, үстін түтін аралас қалың тұман басып жатқан қасіретті Сталинград шаһары алақандағыдай көрінді. Қаланы қақ жарып өтетін қасиетті Волга өзенінің әншейінде көкпең-көк боп ирелендей ағып жататын суы да қарақошқыл тартып, адамның зәре-құтын алғандай... Бекінген жау оңай берілсін бе, кеңес әскерлері артиллерияның астына алып, дамылсыз төпелесе де, айылын жиятын түрі көрінбеді. Алғы шептің тура алдына жаудың минометтен атқан снарядтары құлақ жара ысқырып келіп түсе бастады. Жерді солқ еткізіп жарылғанда, жүгіріп келе жатқан адамды мұрттай ұшырады. ПТР-ді қалайша жандәрмен оқтап, көздей бере атып қалғанын өзі де сезбей қалды. «Қорыққанға қос көрінеді» деген рас-ау, төніп кеп қалған темір тажалды көргенде иманын айтқаны шын еді. Құдай сақтап, атқан оғы танкінің шынжыр табанын талқан қылған екен, әзірейілдей көрінген әлгі неме бір орнында шыр айналды да қалды. Осы шайқаста Ахан ағамыз қатты жараланып, ес түссіз болып, қанша жатқаны белгісіз, кейіннен оны Москваға госпитальға жөнелтті. Москвадан Челябинск қаласындағы госпитальға жіберілді. Қанша емдегенмен жауынгер жарасы ауыр болғандықтан, майданға жарамсыз болып танылып үйіне қайтарылды.

Елге келген соң қол қусырып отыратын жағдай жоқ, ол кісі денсаулығының төмендігіне қарамастан еңбекке араласты. Ұзақ жылдар бойы Байтуған ауылында мал бақты, аянбай еңбек етті, зейнеткерлікке шықты.

Қазір Ахан ақсақал немерелеріне сүйікті ата, балаларына қадірлі әке, елге сыйлы ақсақал. Кейінгі бір-екі жылға дейін аттан түскен емес. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, олардан немере, шөбере сүйіп отырған бақытты жан. Балалары отбасында алған қазақы тәрбиенің арқасында әкелерін алақандарына салып аялап күтуде. Раясы мен Әсиясы өзімен бірге тұрады.

Ахан ақсақал жасы бір ғасырға келгенімен, барлық өткен оқиғаларды еске сақтаған.

Бүгінгі өмірге Ахан ақсақал дән риза, әсіресе, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа елімізді осы күнге жеткізгені үшін, тәуелсіздік үшін, ардагерлерге, қарттарға деген қамқорлық үшін шын ниетімен ризалығын білдіруде. Сонымен қатар, Ахан ақсақал ауданымыздың әкімі Серік Шайдаровқа ризалығын былай деп білдірді: Серік балама рахмет, мені ешқашан ұмытпайды, әрқашан халімді сұрап жатады, ауылға келген сайын сәлем беріп шығады, көмек сұрасам береді, бірақ маған осы азаматтардың түзу ниеті мен көңілдерінен басқа ештеңе керегі жоқ.Елімізді көркейту жолында еңбектеріне табыс тілеймін. Үйде отырып ақ ауданда атқарылып жатқан игі істер жайында біліп, қуанып жатамын,- деген еді.

Қарша бораған оқтың астында, қан төгіс майдан ортасына түскен, өзінің Отан үшін отқа түсіп, Отан алдындағы борышын қатардағы жауынгер ретінде адал атқарған Ахан Шакенов атамыздың өмірі бүгінгі ұрпаққа отансүйгіштіктің үлгісі.

Бүгінгі таңда бір гасырға жуық өмір сүріп, жақсыны да жаманды да бір кісідей көрген, өмірдің ащысы мен тұщысын тартқан ардагер ақсақалымызды бүгінгі Ұлы Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтап, оған ұзақ ғұмыр тілейміз

**Бикен САҒЫМБЕКҚЫЗЫ**

**Құрметті аудан тұрғындары!**
**Құрметті әскери қызметшілер!**

1992 жылдың 7 мамырында еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Жарлыққа қол қойды, міне сол кезден бастап бұл күн бүкілхалықтық мереке – Отан қорғаушылар күні болып отыр.

Бұл – Отанымыздың тәуелсіздігін оның бүкіл тарихында қорғаған адамдарға құрмет. Сонымен бірге біз әскери құрамалар қатарында қызмет етіп жатқандарды да құрмет тұтамыз.

Жоғарғы Бас командашы ретінде Мемлекет басшысының ұдайы қамқорлығына орай елдің Қарулы Күштері оның сенімді қорғаны болып отыр. Жылдан-жылға ұрыс қабілеттілігі артып, олар заманауи қару-жарақпен және техникамен қамтамасыз етілуде, жоғары білімді мамандармен толықтырылуда. Армияда қызмет ету жүздеген мың жігіттер үшін, соның ішінде біздің жерлес нұралықтар үшін де өжеттік пен патриотизмнің шынайы мектебі болды.

Құрметті әскери қызметшілер мен кезінде әскер қатарында болған немесе бүгінде жауынгерлік парызын өтеп жүргендер, сіздерді ерлік пен қайырымдылықтың тамаша мерекесі – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Сіздерге және жақындарыңызға мықты денсаулық, бақыт және сәттілік тілейміз!

**С.ШАЙДАРОВ,**
**Нұра ауданының әкімі.**
**Е.ТҰРАНОВ,**
**аудандық мәслихаттың хатшысы.**

# В ЕДИНСТВЕ – СИЛА!

Яркий весенний праздник День единства народа Казахстана проходит в каждом уголке нашей страны дружным шествием по центральным улицам, а также проведением множества праздничных мероприятий - театрализованных представлений, концертов, фестивалей. С первых лет независимости Глава нашего государства Нурсултан Абишевич Назарбаев уверенно продвигал курс единства, толерантности и межнационального согласия. Эти ценности заложены в основу развития государства с первых дней суверенитета. В 1996 году Президент страны подписал Указ об объявлении 1 мая Днем единства народа Казахстана. Первого Мая представители разных этносов, вероисповеданий и культур поздравляют друг друга с этим особым праздником. Он символизирует дружбу и единство народов нашей страны - представителей более 130 этносов, каждый из которых имеет равные возможности для возрождения и развития национальной культуры и традиций, изучения родного языка. День единства народа Казахстана - это праздник казахстанского патриотизма, преданности нашей стране, народу, беззаветной любви к земле отцов. Все достижения нашей страны - благодаря миру и согласию. В одном из своих выступлений Президент страны подчеркнул, что мир и согласие - это не стечение каких-то обстоятельств. Это то, что мы построили в годы независимости. Такое согласие и мир - это величайшая работа государства и всего нашего общества - это наше общее достояние, которое мы должны беречь. Весь мир учится у народа Казахстана тому, как могут мирно сосуществовать различные этносы на территории одного государства.



Нынешний Первомайский праздник, как отметил Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев, выступая на XVII сессии Ассамблеи народа Казахстана, будет отмечаться в новом формате. По всей стране пройдут масштабные митинги, шествия и народные гуляния. Как сказал Президент страны, «весенний праздник 1 Мая должен еще больше сблизить все этносы нашей страны. Это один из самых главных праздников созданного за 20 лет нашего ОБЩЕГО ДОМА – родного Казахстана. Мы возвели его крепкие стены. Прочно укреплен наш шанырак. Прозрачны наши окна. Двери нашего дома широко открыты для всех друзей по всему свету. Мы создали нашу уникальную, дружную казахстанскую семью».

Мир и согласие – ценности незыблемые. В своих поздравлениях эти слова упоминал каждый житель районного центра, пришедший 1 мая в центральный парк Независимости встретить праздник. День праздника выдался ярким и солнечным. Праздничная программа, посвященная Дню единства народа Казахстана, началась с торжественного массового шествия «Караван дружбы». Участие в нем приняли все трудовые коллективы поселка, этнокультурные объединения, представители общественности, учащаяся молодежь. Колонна демонстрантов, держащих в руках цветы, флажки и воздушные шары, начала свое движение от улицы Космонавтов, прошла по улице Мынбаева и завершила шествие на улице Тәуелсіздік перед центральным парком Независимости, где состоялся праздничный концерт «Көктем мен достық мерекесі». Участники первомайского шествия шли с лозунгами «Біздің күшіміз – тұрақтылық пен бірлікте», «Әрқашан аспанымыз ашық болсын!», «Мы один народ – мы одна страна», «Будущее Казахстана – в единстве народа», «Сила народа – в единстве и дружбе!», «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз!», «Казахстан – наш общий дом!».



С Днем единства народа от имени акима района С.Шайдарова нуринцев поздравила заместитель акима района З.Даутова, отметив в своем выступлении, что на протяжении веков на земле Казахстана перекрещивались судьбы многих народов – носителей различных культур, религий и традиций.

- Расположенная на стыке двух цивилизаций наша благодатная земля во все времена была связующим звеном между разными народами, культурами и религиями, соединяя Запад и Восток, христианство и мусульманство. У нас в стране действует созданная по инициативе Главы государства обладающая конституционным статусом Ассамблея народа Казахстана, ставшая базовым институтом межнационального согласия. В контексте новых задач развития страны сегодня определены новые приоритеты деятельности Ассамблеи народа Казахстана. Это – укрепление единства народа, гражданственности, государственного языка, воспитание патриотизма, - подчеркнула З.Даутова.Заместитель акима района отметила, что сегодня в нашем районе успешно работают два этнокультурных объединения – Русское и Украинское, которые вносят свой вклад в укрепление дружбы и согласия между национальностями. Каждый этнос, проживающий в нашем районе, уникален и интересен своей историей и культурой. Благоприятные условия, стабильный рост экономики района, чувство ностальгии к настоящей Родине стали причиной возвращения наших земляков, по разным причинам переехавшим в другие страны. Только за последние три года в наш район вернулось 14 семей, в том числе 2 семьи из Германии, 12 – из России.



В день единства народа Казахстана жители райцентра стали зрителями яркой праздничной концертной программы, подготовленной районным отделом культуры и развития языков. Можно было услышать чудный мотив домбры, зажигательную кавказскую лезгинку, кыргызские, татарские, украинские, русские, уйгурские песни. Выступили Амангельды Шахарбаев, Ардак Оспанов, Саян Бостанбаев, Асем Бейсембаева, вокальная группа «Радуга» под руководством С.Чемерисовой, танцевальная группа «Балдаурен» - Г.Білгішбайқызы, ансамбль национальных инструментов - С.Жолаушы, вокально-инструментальный ансамбль – А.Тажибеков, танцевальный ансамбль «Жадыра» - С.Ахметова. Порадовали зрителей выступления Украинского национального культурного центра из села Заречное, функционирующего с 1996 года, руководителем которого на протяжении этих лет является Татьяна Гаевская, и Русского национального культурного центра из села Тассуат, основанного в 2003 году Светланой Торгаевой.

Праздник единства народа Казахстана по-особому дорог для каждого из нас. Дорог тем, что у нас царят мир и согласие, дорог успехами и достижениями нашего государства, авторитетом страны, который мы заработали за столь короткое время независимости. Как известно, нашу Нуринскую землю, на которой проживают представители 35 национальностей, называют колыбелью дружбы народов. И сплоченность всех казахстанцев, в том числе и нуринцев, в эти дни продемонстрировала признак единства нашего народа.

**Виктория ГРИЦОВА**

# Қазақстандағы сот жүйесін реформалау – сот саласын іс жүзінде тәуелсіздікке жеткізіп, әділ сот төрелігіне қол жеткізді

***2011 жылдың 1 ақпанында Мемлекет басшысы «Медиация туралы» заңға қол қойды және осы заңға байланысты елімізде жақын арада дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде медиация тәсілі еңгізілмекші, осыған байланысты өз ойыңыз?***

«Медиация» сөзі латын тілінен аударғанда делдал, екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға деген мағынаны білдіреді. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ терелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы болмақ, яғни екі тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілетін келіссез рәсімі. Бейтарап медиаторды тарту арқылы келісімге келу жолымен уағдаластырылатын рәсім. Бұл тәсіл алпауыт елдерде ертеректе қалыптасқан және заңдастырылған. Медиация тәсілін Америка, Ар-гентина, Ұлыбритания, Германия, Австрия сынды әлемнің алпауыт елдері ертеректен бері қолданып келеді. Жалпы медиация әдісі дүниежүзінде 20 ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Ең алдымен АҚШ-та, Австралияда, Ұлыбританияда, ал кейін ол бірте-бірте Европада таралды. Медиацияны қолданудың алғашқы әрекеттері отбасы қатынастары саласындағы дауларды шешу кезінде тәжірибеге енгізілді. Кейін медиация отбасы жанжалдарынан бастап коммерциялық кеп жақты жанжалдарға дейінгі даулардың ең кең шеңберін шешу кезінде қолданылатын болды. Әлемдік тәжірибеде медиацияны заңнамалық бекітудің мысалдары кеп. Тиісті актілер АҚШ-та, Австрияда, Германияда қабылданған. Еуропа комиссиясы Медиатордың кодексін бекітті, ал Еуропалық Одақ медиа-торлардың қызметін реттейтін бірқатар директивалар шығарды. БҰҰ-ның халықаралық сауда құқығы женіндегі комиссиясы (IIMCIT-PAI) медиация туралы заңның үлгісін әзірледі. Мәселен, Америкада экономика, саясат, бизнес саласында медиаторсыз бірде-бір маңызды келіссөз жүр-гізілмейді. Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, Ұлыбританияда медиация әдісі өте кең тараған. Тіпті медиаторға байланыс желісі арқылы кез келген жерден қоңырау соғып, жанжалды сипаттап, ездерінің талаптарын білдіре алады. Германияда бітістірушілер тікелей соттардың жанында жұмыс істейді. Бүгінде бұл мемлекетте медиация азаматтық істерді ғана емес, әкімшілік істер бойынша да қолданылады. Неміс мектептерінің көпшілігінде тұрақты медиация курстары оқытылады. Австрия - медиаторларды дайындауды және дайындықтың белгіленген нормативтерін реттейтін медиация туралы федералдық заң қабылдаған жалғыз мемлекет. Қытайда даулардың шамамен 30 пайы-зы соттан тыс тәртіппен шешіледі. Венгрия мен Кореяда тараптар медиация шең-берінде келісімге келіп, оны аралық соттардың (терешіліктің) қарауы үшін заңда қарастырылған тәртіпте бекітуге құқылы. Мұндай шешім (терешілік) күшіне ие болса, тиісті тәртіппен орындауға жатады. ТМД елдерінің ішінде медиация туралы заң Молдовада қабылданды.

Елімізде таяу арада қолданылатын медиация туралы заңға сәйкес, әзірге жеке және заңды тұлғалар қатысатын азматтық, еңбек, отбасылық және езге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қыл-мыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (дау-шаралар) медиацияның қолдану саласы болып табылады.

Егер медиация рәсіміне қатыспайтын үшінші тұлғалардың және сот әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың мүдделерін қозғаған немесе қозғауы мүмкін болған жағдайда, мұндай дауларға (дау-шара-ларға) медиация рәсімі қолданылмайды.

Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (дау-шараларға) медиа-ция рәсімі қолданылмайды.

Одан басқа, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды.

«Медиация туралы» заңға қол қойылуы және осы заңға байланысты елімізде жақын арада дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде медиация тәсілі еңгізілуінің басты мақсаты, қылмыстық және азаматтық істер бойынша дауларды қарайтын судьялар жүктемесін азайту болып табылады. Кебіне сот шешіміне бір ғана тарап қанағаттанады, екінші тарап сот шешіміне риза болмағандықтан істі апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларында қайта қарауға өтініш береді. Аталған сатылардың әрқайсысының езінің уақыт мерзіміне байланысты істерді қарауы бірне-ше айларға, ал кейбір жағдайларда жылдарға созылып кетеді. Медиация әдісі арқылы азаматтар уақыт пен қаржы шығындарын үнемдейді. Үлкен өмірлік тәжірибесі, жоғары білімі бар, жасы 25-тен асқан азаматтар, отставкадағы судьялар, прокурорлар медиатор бола алады. 2011 жылдың 25 қаңтарында Ел басы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бастамасымен әзірленген «Медиация туралы» заңына қол қойды. Заң бітімгерлік рәсімдер (медиация) институтын ұйымдастыру және оның қызметінің тәртібін белгілейтін бірқатар баптардан тұрады. Заң Қазақстан Республикасының аумағында бітімгерлік рәсімдер институты қызметінің құқықтық негіздерін белгілейді және медиа-тордың (бітімгердің) қатысуымен дауларды шешу женіндегі қаты-настарды реттейді. Медиатор (бітімгер) - тараптардың дауларын реттеу мақсатында олардың арасында бітістірушілік рәсімдерді (медиация) жүзеге асыратын дербес жеке тұлға. Заңның 4-бабы негізінде бітімгерлік рәсімдерді жүргізетін медиатор тараптардың тең құқықтылығы мен әділеттілігін сақтауы тиіс. Басты қағида еріктілік және медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы. Кез келген уақытта тараптар бітім-герлік рәсімдерді (медиация) жалғастырудан бас тартып, жалпы тәр-тіппен сотқа жүгінуіне болады. Заңның құпиялығы туралы 8-бабы бойынша медиацияға қатысушы тұлғалар бітімгерлік рәсімдер бары-сында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген тараптың келі-сімінсіз жария етуге құқысы жоқ. Медиатордың екілеттілігі туралы заң-ның 21-22 бабтарына сәйкес медиатор тараптармен бірлескен немесе жеке кездесулерді өткізуге, қажет болған жағдайда медиатор даудың техникалық аспектілері бойынша сарапшының қорытындысын талап етуге құқылы. Бұл ретте тараптар қорытындыны алуға байланысты шығындарды өтеуге келісуі тиіс. Егер медиатордың пікірі бойынша бітімгерлік рәсімдерді одан әрі жүргізу яғни, тараптар арасындағы дауды шешу мүмкін болмаса, медиатор істі жүргізуді тоқтатуға құқылы. Сондай-ақ, медиатор өзінің функцияларын жүзеге асыруына кедергі болатын мән-жайларды білген жағдайда бұл істен езділігінен бас тарта алады. Медиациялық рәсімді өткізудің уақыты мен күні тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. Іс соттың қарауында жүргізіліп жатып, тараптардың келісімімен сот шешімі шыққанға дейінгі уақытта тараптар істі қайтарып алып, медиатордың кемегіне жүгіне алады. 23-бап негізінде бітімгерлік рәсімдер келісім жасалған күннен бастап отыз күн ішінде аяқталуы тиіс. Қажет болған жағдайда тараптардың өзара шешімі бойынша бітімгерлік рәсімдерді жүргізу мерзімі отыз күнге дейін ұзартылуы мүмкін. Медиатордың негізгі міндеті – екі тарапты татуластырып, бітістіру, яғни талапкер мен жауапкер езара келісімдері арқылы мәміле жасауы. Ол үшін ең алдымен жауапкер ез кінәсін мойын-дап, талапкермен келісімге келуі керек. 27-бапқа сәйкес медиацияны жүргізу кезінде медиация тараптары қол жеткізген дауды (дау-шарды) реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар қол қояды. Дауды (дау-шарды) реттеу туралы келісімді медиация тараптары ерікті түрде осы келісімде кезделген тәртіппен және мерзімде орындауға тиіс. Дау-шарды реттеу туралы келісім оған тараптар қол қойған күні ғана күшіне енеді. Қаймағы бұзылмаған, халқымыздың бірлігі жарасқан заманда, шыңыраулы түрме ұстамаған қазақ қоғамындағы неше түрлі даулы мәселерді, екі ауыз сезбен шешкен дуалы ауыз билер болғанын тарихтан жақсы білеміз. Міне, енді «Медиация туралы» заң қазақ халқының бүкіл әлемге үлгі етерлік, ұмытыла бастаған жақсы салт-дәстүрін қалпына келтіруге жасалған игі қадам десек те болады. 2011 жылдың 1 ақпанында Мемлекет басшысының «Медиация туралы» қол қойған заңы ресми түрде жарық көрді. Бұл заң алты айдан кейін заңды күшіне енеді және қолда-нысқа енгізіледі.

**Ж. ШӨЖЕНОВ,**
**сот төрағасы**

Мүтәш Сүлейменовтың туғанына 90 жыл

# ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Кешегі бүкіл дүние әлемін дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың (1941-1945жж) аяқталғанына да биыл 66 жыл болады. Бұл жержүзіндегі түгел дерлік халыққа орасан апат әкелген соғыстың зардабы мен салдары жөнінде, мен тәрізді ауылдың қарапайым қазағы емес, мүйізі қарағайдай ғалымдар, тарихшылар сол ғаламат шайқасқа тікелей қатысып, өшпес ерлік көрсеткен қаһарман ағаларымыз бен әкелеріміз де талай естеліктер жазып, зерттеулер жүргізгені-баршамызға аян ақиқат.

Менің қолыма қалам алғызған осы алапат соғыста өшпес ерлік көрсеткен, біздің Кертінді ауылының тумасы, қарапайым ауыл азаматы. Данқ орденінің толық иегері, яғни үш дәрежесі мен де марапатталған, Мүтәш Сүлейменов ағамызды еске алуды азаматтық, ауылдастық парызым деп тануым.

Көзіміз керіп, құлағымыз естіп жүргендей, бұл фәни жалғанда бір өзі бір дүйім елдің ісін атқарса да, тағдырдың жазуымен кезсіз ерлік жасаса да, ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосса да осы атқарғандарын ешбір жариясыз, ешкімге міндетсімей, тіпті өз отбасындағы да ол туралы тіс жармай, қарапайым ғана ел қатарлы тірлік кешіп жүретін адамдар бар екенін бәріміз білеміз.

Бірақ солардың ішіндегі біреуі емес, бірегейі біздің Мүтәш Сүлейменов ағамыздың орны елден ерек десем асырып айтқандық болмас деймін.

Ол кісіні білетін кешегі қатар жүрген азаматтар, әріптестері, қатарлары менің осы пікілерді қолдайтынына күмәнім жоқ.

Біз Мүтәш ағамен бір ауылда туып, бір ауылда өстік. Ол кісі соғыстан кейінгі бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнады.

Құрметті зейнет демалысына шыққанша ауылда, осы күні өз есімімен аталатын мектепте ұстаздық қызмет атқарып, денсаулығы сыр берген мезгілде яғни 1985 жылы Қарағанды қаласына қоныс аударуға мәжбүр болды.

Бірақ ауылмен байланысты үзілген жоқ. Мүтекең ағамыз туралы естелік емес кітап (роман) жазуға керек еді, тек ол менің қолымнан келетін жұмыс емес. Кітап жазуға ол кісінің алдын көрген оқушылары

- Нұрадан шыққан жазушы азаматтар қолға алса-деген тілегімізді де білдіргім келеді.

Ағамызбен біз көп араластық, сыйластық кейінгі жылдары, ол кісі қалаға қоныс аударғанша көрші тұрдық. Ол кісі туралы естелік (мен білетіні ғана) шағын мақалаға әрине сыймайды, дегенмен кейбірін еске алуымыз биылғы жылы әсіресе, оның көзін көрген, тірі жүргендердің міндеті-деп білемін.

Оның басты себебі Мүтәш ағамыз биылғы жылдың қыркүйек айында 90 жасқа келеді.

Бұл дегеніңіз айтуға ғана емес, арнайы бағдарлама жасап, ел болып еске алып, Батырдың мерейтойын Батырға лайықты етіп, ауыл емес, аудан, тіпті облыс деңгейінде атап өтуге лайықты мерейтойлық шара болуы керек.

Менің түсінігімде бұл мерейтойлық шара Мүтәш Сүлейменов үшін қажет емес, ол кісі өмірі " Батырмын" – деп кеудесін керген емес, бір ауыз тілек айтқан емес. Ол кісі қазір мәңгілік ұйқыға жатқан болар. Ал, менің білуімде, ол кісі пейіштің нақ төрінде болуы керек. Өйткені ол кісі фәни жалғанда кездесетін, жұмыр басты пенделердің қолымен атқарылатын күнәлардан пәк болатын.

Нағыз жаны да таза, тәні де таза жан еді. Сондықтан жаратқан иеміз пейіштен орынды күнәдан пәк адамдар үшін жаратса Мүтекең ағамыз сонда болар-деп ойлаймын.

З.Қабдоловтың сөзімен айтсақ Мүтекең тәрізді батырларды мақтаудың қажеті жоқ, ол кісілермен мақтану керек. Міне, осы үшін батырдың 90 жасқа толған мерейтойын жоғары жоғарғы деңгейде атап өту ұрпақ парызы. Мен осы мәселені 2010 жылдың қаңтар айында, аудан әкімінің есеп беру жиынында көтерген едім. Обалы не керек сонда аудан әкімі С.Шайдаров мырза өте дұрыс қойылған мәселе, ол шараны аудан көлемінде атап өтеміз-деп қолдау білдіріп еді.

Осы мәселені тағы да еске салу үшін ғана емес, сонымен қатар Батыр ағамыздың көпшілік біле бермейтін өміріндегі кейбір кезеңдірің жұрт білсін, әсіресе жастар, өскелең ұрпақ үлгі алсын, ерлігін мақтан етсін, тіпті біз өз жерлестері көрсете алмаған (ол кісінің көзі тірісінде) сый - сияпатты кешегі Одақ пен Республика көлемінде көрсетілгенін жария етіп еске салу үшін де қолыма қалам алуға тура келді.

Ал батыр ағамыз өзін жарнамалау түгілі, өзінің жарық жолдары мен көрген қиыншылығы туралы бір ауыз сөз айтқанын естіген емеспіз. Ол кісі өте сыпайы да қарапайым жан еді.

Осы мерейтой қарсаңында аудан мектептерінде Батырдың өмірбаяны, еңбек, соғыс ерлік жолдары туралы Мүтәштану сабақтары өткізілсе ол үлкен тәрбиелік те отансүйшгіштіктің мәні бар өте пайдалы сабақтар болар еді. Ал меніңше қазір жастардың көпшілігі, ал аудан көлемінде мүмкін ешкім де, ол кісінің өміріндегі айтулы кезеңдерін біле де бермейтін болар. Себебі бұл мәселе ешқандай деңгейде жария етілмеген еді.

Ол өмір кезендері мысалы төмендегідей:

Менің өзім білетін Ұлы Отан соғысының біздің облысымыздағы қатысты тарихы бойынша, осы соғыста, облыс көлемінде Данқ орденінің толық иегері атанған үш-ақ адам болған, ал ұлты қазақтан жалғыз Мүтәш ағамыз. Ал «Данқ» орденімен тек қатардағы жауынгерлер мен сержанттар ғана марапатталатынын жастар біле бермейді. Өйткені бұлар өткен ғасырдың марапаты мен сыйы.

Ал, айтулы кезеңдеріне келсек, осы кісінің тағдырына бұйырған төмендегідей кезеңдер облыс пен ауданды айтпағанда, Республика көлемінде де осы тәрізді құбылыс бар болса, өте сирек болар-деп ойлаймын.

Мүтекең ағамыз 1945 жылға мамыр айында Мәскеу қаласында өткен Жеңіс парадына қатысқан облыс көлеміндегі жалғыз қазақ.

Осыдан кейін де ол кісі Одақ кезінде өткен Мәскеу қаласындағы Жеңіс мерекесіне арналған әскери парадтардың төртеуіне қатысты. Сол Одақ тұсында ол кісіні одақтың қорғаныс министірі арнайы шақырту қағаз арқылы үш күн ілгері шақыртып алушы еді.

Ал, Жеңістің қырық жылдығы тойында ол кісі парадтық әскери мундир дайындау үшін шақырылып, сол қарсаңда, сол кездегі Одақтың бірінші және соңғы президенті М.С.Горбачевтің қабылдауында болған ардагерлермен бірге мерейтойлық салтанатты қабылдауда болды. Тіпті Кеңес Одағы тарағаннан кейінде екі рет Мәскеу қаласында Жеңіс күніне арналған салтанатты жиындарға арнайы шақырылып, соған қатысу құрметіне ие болды. Жеңістің 60 жылдығына арналған салтанатты парадына қатысты. Осы мезгілде Батыр ағамыз сексенге қараған жасына қарамастан әскери мундир кигенде жас солдаттай, тіп-тік өзінің табиғат сыйлаған бойшаңдығымен, әскери тілде орысшасы (военная выправка) өте ерекше көзге көрініп еді.

Бұлардан басқа Мүтекең ағамыз Кеңес заманы кезінде екі рет арнайы шақырумен Мәскеу қаласындағы жоғары әскери училище бітіруші жастармен кездесуге шақырылығанының біздер көзі тірі куәсіміз.

Міне осындай құрметтерге ие болған өте сыпайы да, қарапайым азаматтар біздің ұлтымыздың мақтанышы екені сөзсіз.

Менің түсінігімде жастар үшін осының бәрі үлкен тәрбиелік мәні бар, мектеп оқушылары үшін әскери дайындық сабақтарында немесе тәрбие сағаттарында арнайы оқытылса, отансүйгіштік тақырыпта үлкен әсері болар еді деп есептеймін.

Күнделікті баспасөздерден оқып, біліп жүргеніміздей Республикамыздың көптеген өңірлерінде осындай белгілі азаматтарға, кейбірі тіпті батыр атағы болмаса да, еңбектері, ерліктері ескеріліп, оларға ескерткіштер де қойылып жатыр.

Ал енді Мүтәш ағамыз бүкіл саналы ғұмырын білім беру жүйесінде өткізгенін ескеріп, аудандық, облыстық білім беру басқармалары (бөлімдері) ардагерлер ұйымымен бірге осы тақырыпты қолға алып,бастама көтеріп, естелік жазуға мұрындық болар деймін.

Еліміздің қазіргі экономикалық, қаржылық жағдайы да, Аллаға шүкіршілік жақсы ғой. Осы батыр ағамызға өз атымен аталатын 80 (сексен) жылдан астам тарихы бар, аудан көлеміндегі алғаш орта мектептің алдына Мүтәш Сүлейменовтың ескерткіш-бюстін қойса, оның ерлігінің өшпес ізі болар еді және жастар содан үлгі тәрбие алар еді- деген ұсыныс айтқым келеді.

**Қ. Досжанов,**
**еңбек ардагері,**
**Кертінді ауылы**

# ЖАУЖҮРЕК БАТЫРЫМЫЗДЫ МАҚТАН ЕТЕМІЗ



Ұлы Отан соғысы - өткен жиырмасыншы ғасырдағы ғана емес бүкіл адамзат тарихындағы алапат соғыс. Ал, Ұлы Жеңіс – ұлы мереке. 66 жыл өтсе де ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмады, ұмытылмайтынында дәлелдеп отыр. Өйткені, сұрапыл соғыста жауынгерлер жеңіс сағатын минуттап күтті. Сол қасиетті жолда қаншама боздақтар қыршыннан қиылды, қаншама отбасы ойран болды. Сол боздақтардың бақытты өмір үшін төккен терлері, жасаған еңбектері бекер кетпеді. Сенімдері мен үміттері ақталды дегім келеді.

Әділетті соғыстағы Жеңіс туы биікке көтеріліп, күні бүгінге дейін мәңгілік алау, шейіт болған жауынгерлердің рухының мәңгілігінің белгісіндей маздап тұр.

«Ерлік - елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» деген екен даңқты қол басшы Бауыржан Момышұлы. Сол сұрапыл жылдары Қазақстаннан майданға 1 миллион 200 мыңдай адам аттанса, соның 410 мыңы опат болып, 96 638 адам орден – медальдарымен марапатталды. Қан майданның серкелері – 497 адам Кеңес Одағының Батыры (соның 100-і қазақтар), 142-сі «Данқ» Орденінің толық иелері атаныпты. Солардың бірі «Даңқ» Орденінің үш дәрежесінің иегері, халқымыздың қаһарман ұлы, Қарағанды қаласы мен Нұра өңірінің Құрметті азаматы, ауданымыздың Отан қорғаудағы ерен ерліктерімен көзге түскен Нұрлы Нұраның жаужүрек батыры Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақ КСР, КСРО ағарту істерінің үздігі ұрыста елдің айбыны, ұлы істе ұрпақ бағбаны болған ұлы ұстаз, ардагер Сүлейменов Мүтәш Сүлейменұлы атамыздың 90 жылдық мерейтойын мәдениетті зиялы елдің дәстүрімен биыл қыркүйек айының 10 жұлдызында тойламақ.

Кертінді ауылының тумасы, батыр атамыздың бойына біткен қарапайымдылық, кішіпейілділік, имандылық, инабаттылық қасиеттері кімді болсын тәнті еткен жан болған. Біз мақтағанмен, өзі мақтануды білмей, арнасынан аспайтын байсалдылық, ерінбей еңбектенетін табандылық, ұлағатты ұстазға тән ұстамды болған.

Мүтекеңнің балалық, жастық шағы қиын кезде басталған. Алдынан араны ашылған ашаршылық, ауру мен аштық араласып, өмірден ерте кеткен әкесінің қайғысын көрген. Өз анасын ғана емес, бір ауылды асырауға тырбанып үлес қосқан. Өстіп жүргенде коммунистік жастар мектебіне ілікті. Соғыс басталғанша 9 сыныпты бітіріп, ұжымдар құрылғанда есепші болып жұмыс атқарды. Еңбектене жүріп он жылдық білім алды.

1942 жылдың басында әскерге алынды. Одан соң Орскіде бір айлық әскери даярлықтан өтті. Ұлы Отан соғысы аяқталғанша қан майдан алаңында қан мен терін төккен Мүтекең «Даңқ» Орденінің үш дәрежесінің иеленді, Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрығымен 11 рет алғыс алды. Және де көптеген орден, медальдармен наградталды. Біздің анық білетініміз Мүтәш Сүлейменұлы – Отан үшін сан рет отқа түскен, бірақ күймеген. Майдандағы ұрыста да, еңбектегі ұлы істерде де алда болған аяулы да ардақты Азамат. Бұған ешкімнің таласы жоқ.

Контузия алып, үш рет жарақаттанған, керек десеңіз атамыздың анасына «қара қағаз да» келіпті.

Мүтәш Сүлейменов өмірінің соңына дейін бұрынғы одақтың астанасы Мәскеу қаласында бес бірдей Жеңіс парадында (1945, 1985, 1995, 2000, 2005) қатысты.

Ел патшаларымен кездесулері де айтарлықтай оқиға. Мәскеу қаласында сол кездегі ССРО-ның алғаш және соңғы Президенті М.Горбачевтың, Ресей мемлекетінің басшылары Ельцин, Путиннің және де өзіміздің патшамыздың арнайы шақыруы мен қабылдауында болған.

Фашистік Германиямен соғыстан Жеңіспен оралған соң 1945 жылы өзі білім алған мектебіне ұстаз болып қайтып оралды. Мектепте әскери даярлық, дене тәрбиесі және тарих пәндерінен дәріс берді. Салауатты өмір салтын ту етіп көтеріп, дене тәрбиесі мен әскери даярлық сабақтарын алдыңғы қатарға қойды. Атамыздан дәріс алған шәкірттерінің ішінде ұстаз да, білікті ғалым да, дәрігер де, инженерлер де өсіп жетіліп, қазіргі кезде жемісті еңбек етіп жүргендері жеткілікті. 1993 жылы Кертінді ауылының орта мектебіне Мүтәш Сүлейменовтың есімі берілді.

Аяулы атамыз шілде айының 17 жұлдызында 2006 жылы сексенбес жасқа келерінде жарық дүниенің есігін жапты. Өмірінің соңына дейін бұрынғы әскери қалпын сақтап, сымдай тартылған күйі арамызда тіп-тік болып жүруіне жан – жары Алтын апамыздың еңбегі ерекше екенін айта кетпесек қиянат болар. Атамыздың көңіл – күйін қабағынан танитын апамыз ол кісінің мезгілінде демалып, ем – домға, дәрігерге баруын үнемі қалт жібермеген. Осы өнегелі отбасында екі ұл, бес қыз өсіп жетілді. Олар тегіс өмірде өз орындарын тапқан, бәрі де жоғары білім алған, өз ісінің мамандары. Олар қазір өздері де ата – ана болып отыр.

«Елдің атын ер шығарады» Сүйер ұлың болса, сүйінгенің абзал дегендей Мүтекеңнің өмірін ауыл тұрғындары, мектеп қызметкерлері, оқушылар үлгі тұтады. Сынып сағаттарында патриоттық тәрбие беруде Мүтекеңнің жасаған ерліктері үнемі айтылып отырады. Жыл сайын Мүтәш Сүлейменов атындағы кубоктың иегерін анықтау үшін спорттық жарыстар өткізілуде. Осы жылы атамыздың 90 жасқа толуына байланысты 10 сынып оқушысы Түйменбаева Назира ғылыми жоба жазып, Қарағанды қаласында қорғап, сертификатқа ие болды.

Мүтекең – бақытты адам. Бақыттылығы қанды майданнан аман қалғандығында емес, одан кейінгі жемісті еңбектерінде де. Сол еңбектері ол кісіні ел сүйіктісі, мақтанышы атандырады. Ол – Нұра ауданының Құрметті азаматы болған.

Жаужүрек атамыздың жүріп өткен жолы кейінгі ұрпаққа үлгі - өнеге.

**Г.Пшенбаева,**
**М.Сүлейменов атындағы орта мектеп мұғалімі**

*Жерлесіміз Мүтәш ағаға арнау!*

# Дара тұлға, батыр ұлы халықтың

Ғасырларда бір туары қазақтың,
Ардақтысы, мақтанышы ұрпақтың.
Отан үшін отқа түсіп күймеген,
Дара тұлға, батыр ұлы халықтың.

Мың тоғыз жүз жиырма бірдің күзінде,
Нұрлы Нұра өңірінің Казгородоктай жерінде.
Ардақты ұстаз, ерен сарбаз, кеменгер,
Сүлейменов Мүтәш келді өмірге.

Жастайынан жетім қалып әкеден,
Анасына тіреу болып демеген.
Пішен шауып егіз айдап колхозда,
Балалықтың балғын шағын білмеген.

Жиырма бірге жаңа толған шағында,
Сарбаз болып қару алып қолына.
Жігерленіп қайсарлықпен аттанды,
Өз борышы, - Отанын жаудан қорғауға.

Айлар,жылдар өтті қилы уақыттар,
Өтті талай қиян-кесті шайқастар.
Отан үшін,ұрпақ үшін күресте,
Қыршынынан жанын қиды боздақтар.

Арқасында сансыз қанды күрестер,
Қырық бесте тізе бүкті фашистер.
Тоғызыншы жұлдызында мамырдың,
Жеңіс келіп аяқталды зор үміттер.
Оралды батыр жеңіспен майдан шебінен,
Ерлігі үшін төсінде ордені тізілген.
Жалғызын аңсап зарыға күткен ананың,
Қуаныштан төгілді жасы көзінен.

Даңқ орденінің толық иегері,
Халықтың батыр ұлы кемеңгері,
Парадқа Мәскеуде өткен шақырылып,
Құрметпенен бес мәрте барып келді.

Болар елдің ертеңі баласынан,
Талай түлек ұшырып ұясынан.
Ағамыз елуінші жылдан бастап,
Ұстаздық өміріне қадам басқан.

Талай жылдар ұстаз болып еңбек қылған,
Болашаққа өшпестей із қалдырған.
Бүгінде сол мектебім алтын ұям.
Мүтекеңнің атыменен аталған.

Тағдырдың соқпағына мойымаған,
Сөнбес сәуле,өшпес тұлға, батыр ағам.
Ұлы Отан соғысының ардагері,
Мүтекене жыр арнап мен толғанам.

Көзінің тірісінде басшылардың,
Абыройымен, қошеметін қабыл алған.
Қарағанды қаласының, Нұраның,
« Құрметті Азаматы » атанған.

Ардақты әке, асыл жар, аулы ұстаз,
Ерлігін бүгінгі ұрпақ мәңгі ұмытпас.
Тоқсан жылдық мерей тойы батыр ұлдың,
Тойланар көрсетіліп зор ықылас.

**Олжас Асығатұлы Қоқанов**
**Кертінді ауылы**

*Технология тынысы*

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ДЕГЕН НЕ?

Электрондық үкімет (е-үкімет) – халықтың ел үкіметімен тікелей байланысын қамтамасыз ететін жүйе. Бұл – қызмет көрсету, азаматтардың саясатқа араласуы және басқару үрдістерін ішкі және сыртқы қарым-қатынастарды техникалық құралдардың, Internet-тің, қазіргі заманғы БАҚ көмегімен езгерту арқылы үздіксіз оңтайландыру.

ҚР Электрондық үкіметі веб-порталы – www.e.gov.kz мемлекеттік қызметтерді «бір терезе» принципімен ұсыну тұжырымдамасын жүзеге асырудың тәжірибелік механизмі болып табылады.

Қазақстанда Электрондық үкіметті енгізу жұмыстары халықтың мемлекеттік органдарға жүгінуін оңайлату, мемлекеттік органдардың азаматтар мен ұйымдарға керсететін қызметтері сапасын жақсарту және мерзімін қысқарту, мемлекеттік органдар қызметі бойынша дерек қорларына қол жеткізуді қамтамасыз ету және келешекте, әкімшілік жүйе жетістіктерін есепке ала отырып, құрамы жағынан оңтайлы да тиімді мемлекеттік аппарат жасауға бағытталған.

Электрондық үкімет азаматтарға мемлекетпен қарым-қатынас жасауда және мемлекеттік қызметтерге қатынасуды орналасқан орны мен жыл мезгіліне тәуелсіз, тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күн бойы қамтамасыз етіп отыруы тиіс. Мемлекеттік мекемелер көрсететін барлық қызметтердің тізімі мен сипаттамасы, нормативтік-құқықтық ақпарат, азаматтардың билікпен, түрлі әлеуметтік қызметтермен, комитеттермен және ведомстволармен ашық та тура сұхбаты кез келген уақытта бәріне де, әркімге де ащық болуы тиіс. www.e.gov.kz Веб-порталының пайдаланушылары екі категорияға белінеді: пайдаланушылар және тіркелген пайдаланушылар. Пайдаланушылар веб-порталдың барлық беттерін қарап шыға алады, бірақ жеке беттерге қатынаса алмайды. Жеке беттерге қатынау мүмкіндігіне ие болу үшін веб-порталда тіркелу қажет. Жеке бет азаматтарға электрондық пошта, күнтізбелік жоспарлау, жөнелтімдер, қатынас құралдардын пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Нұра ауданы әкімі аппаратының ақпараттық Веб-порталында www.nurinsk.kz аудан әкімдігі және мемлекеттік мекемелер женінде мәліметтер ұсынған. Бұл ақпараттық Веб-порталдың басты мақсаты халыққа мемлекеттік қызмет көрсету. Осы ақпараттық Веб-портал арқылы Нұра ауданының өмірі туралы және болып жатқан өзгерістер, жаңалықтар жөнінде мәліметтер ала алады.

Қоғамдық қол жеткізу орындары

Қазіргі кезде, Қарағанды облысы бойынша 111 «қоғамдық қол жеткізу орындары» бар. Бүгінгі күні, Нұра ауданында алты «электронды үкіметке» қоғамдық қол жеткізу орындары жұмыс істеп тұр. Олар: Киевка кентіде «Нұра ауданы әкімінің аппараты», «Казпошта», «Халыққа қызмет көрсету орталығы», «Ауданның орталық кітапханасы» ғимараттарында орналасқан.

Қоғамдық қол жеткізу орындарының екі түрі бар екендігін ескеру қажет. Қоғамдық орындарда орнатылған – Ақпараттық дүңгіршіктер – компьютерде жұмыс істеудің белгілі бір дағдыларын білетін, соның ішінде, интернет желісімен жұмысты игерген және өз бетімен ақпараттарды сұрата алатын азаматтарға арналып жасалған. Сонымен қатар, қызметті алу уақыты барынша аз. Егерде Сіз, айтарлықтай тәжірибелі пайдаланушы болсаңыз, Ақпараттық дүңгіршіктер арқылы мемлекеттік орган сайттарындағы өзіңізге қажетті ақпаратты табу қиындық тудырмайды.

